

Хаттама №3 03.07.2023 жыл

Шілде айының 3-і күні Абай атындағы ЖОББМ-інде « Қамқоршылық кеңес» онлайн зум платформасында өтті. Қамқоршылық кеңеске мүшелерінің 78% -ы қатысып, кеңес еткізілді.

Күн тәртібінде:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым минстрінің 2012 жылғы 21 ақпандада «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтарын лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» №57 бұйрығының 6-тармағының 5) тармақшасына сәйкес «Абай атындағы ЖОББМ» КММ-нің директоры лауазымына жарияланған конкурсқа қатысқан үміткер Жакупова Бибигуль Турлановнаның есебін тыңдалап, талдап, пікір білдіру.

Тыңдалды:

Үмбетов Мейрамхан Амантайұлы- «Қамқоршылық кеңес» төрағасы:

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 78% -ы шақырылған кеңеске қатысқандықтан, кеңесті «ашық» деп жариялады. Күн тәртібіне сәйкес осы күнге дейін директор қызметін атқарып келген Жакупова Бибигуль Турлановнаның есебін тыңдалап, кеңес мүшелерінен пікір білдіруді өтінді.

Сөйлеушілер:

№1. Ербатыров Қанатжан Өтесінұлы- қамқоршылық кеңес мүшесі, Темір аудандық полиция орынбасары қызметін атқарған, қазіргі таңдағы зейнеткер:

Жакупова Бибигуль Турлановна еңбек жолын бастағаннан біліктілігімен, табандылығымен ерекшеленген маман. Басшылық деңгейге сатылы көтеріліп, абырой мен беделге ие болды. Мектептің тулегі, елдің жағдайын толық билетін, жұртшылықпен байланысы мықтылығы жұмысты қарқынды жүргізуіне ықпал етеді. Жакупова Бибигуль Турлановнаның кандидатурасын толығымен қолдайтынын білдірді.

№2. Сәттібаева Ләzzат Қөздібайқызы- ауыл кәсіпкері:

Бибігүл Тұрланқызының басшылық тағы қызметі ашық көз алдымында Шағын ауыл мектебіндегі мамандарды іс -тәжірибесімен бөлісіп маман ретінде тұрактандыруы да үлken еңбек Бибігүл Тұрланқызы үшін әрбір ауылдың баласы қымбат қазынасы іспетті бар білімін Абайдың педагогикалық көзқарасымен ұштастырып, үлken шығармашылық орта қалыптастырып, барша ұжымды білім-тәрбие бағытында нәтижелі еңбекке жетелегенін атап өтті. Ата-аналар қауымымен де жұмыс жасау дағдысы қалыптасқан талғампаз, табанды басшы. Жұмысына сәттілік, он, жоғары баға берді.

№3. Жармағамбетова Гулжайнар Қуанышқызы-«Балапан-бөбекжай» балабақшасының менгерушісі:

Қайырлы күн, кеңес мүшелері! Бибігүл Тұрланқызының басшылық қызметтегі жұмыстарына өте жақсы оң баға берді. Білімде үлкен реформа, сол түрғыда шағын жинақталған ауыл мектебінде оқу -тәрбие үрдісінде директордың жетекшілігімен көптеген жаңашыл істер атқарылып, балаларға онтайлы заманауи біліммен тәрбие сәтті берілуде. Бала тәрбиесі ата -анаға қыындық келтірген қоғамда біздің мектеп басшысы үлкен командастымен балаларды Абайдың көзқарастарымен тәрбиелеп, әр балада толық адам бейнесі, тұлға болуға деген ұмтылыш және нәтиже көрінгенін мәлімдеді. Атқарған істеріңізге ата-ана, кеңес мүшесі ретінде алғыс білдіре отырып, жаңа оқу жылына сәттілік тіледі.

№4 .Сәттібаев Әлібек Хамидоллаұлы-жеке кәсіпкер:

Ауыл мектебі толық мамандармен қамтылды, кабинеттер жасақталды. Осы істің басы қасынан табыла білетін менеджер –басшы, елдің қоғамдық саяси өміріне де зор ықыласпен араласа жүріп, жас мамандардың өзіндік мектебін қалыптастырған, тәжірибелі басшы екендігін атап өтті.

№5.Ашықбаева Бибатша Балағұлқызы- зейнеткер ұстаз:

Бибигуль Турлановнаны өз тәжірибесін жаңамен ұштастыра алатын, кәсіби қызығушылығы жоғары, танымы биік, бастаған ісінің нәтижесін көре алатын, педагогикалық зандылықтармен етене таныс, оқытудың әдістемелік жаңалықтарымен хабардар, өз ісінің шебері, білікті маман ретінде бағалады.

Кеңес қаулысы:

«Абай атындағы ЖОББМ» КММ-нің директоры лауазымына үміткер Жакупова Бибигуль Турлановнаның кандидатурасын толықтай қолдап, келісім берді.

Қамқоршылық кеңес тәрағасы:

Хатшы:

М.А.Умбетов

Ж.І.Бисенғалиева